



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Монотеизм мен пұтперестік арасындағы
күрес: Бес кітаптың аяқталуы



Дәрістің мақсаты: тыңдаушы осьтік дәуірдегі еврейлер тарихы және бұл оқиғалардың әсерімен иудейлік монотеизмнің қалыптасуы, иудей пайғамбарларының пұтшылдықпен қалай күрескені, Библияның қалай редакцияланғаны және жаңа кітаптармен толықтырылғаны туралы білу.

Үндістан мен Грециядағы рухани және философиялық ізденіс тарихының қысқаша курсынан кейін, біз иудейлік монотеизмнің қалыптасуын саралау үшін Таяу Шығысқа қайта ораламыз.

Таяу Шығыс діні. 3-дәрісте әйеліне Ваал культін жаюға мүмкіндік берген солтүстік Израильдің патшасы Ахав жайлы сөз еткен едік. Еврей авторлары оны Құдай алдында жасаған қара ниеті, зұлымдығы мен қастандығы үшін айыптайды. Ол Иерусалим ғибадатханасының билігін мойындамай, алтын торпақ кейпіндегі Құдайға жалбарынады.

Оқиғаны Библия осылай суреттейді. Мирча Элиаденің пікірінше, Ахав әйелінің пікірлерін құптап отырумен шектеліп қоя салмай, «израильдіктер мен ханаандықтарды біріктіру үшін оларға тең заң ұсынып, Яхве мен Ваалдың синкретті культтерінің дамуына жол ашады»... және осы арқылы Ваал культінің күшеюіне келіседі. Ең әуелі Ханаан жауланған соң Яхве мен Эль культтерін алмастыру басталады, Элдiң көптеген ғибадатханасы Яхве культіне беріледі. Еврейлер ханнан дінінің көптеген жораларын өзіне қабылдап алады, ғибадатханалар салады, абыздың өзінде сынып болмағандықтан ханаандық түрде ұйымдастырады. Ассимиляция процесі өсіп отырды.

Яхудиликтегі бес кітап. Библияны талдап қарасаңыз, онда пайғамбардың мінезі мен ішкі рухани хәлі орын алғанын байқауға болады. Сол сияқты Иудазим мен христиандықтың киелі кітаптары – Бес кітапты зерттеу арқылы діннің қалай қалыптасқандығы жайында көп түсінік алуға болады. Міне жалғыз эпизод: VII ғасырда Иудея патшасы Манассия Иерусалим ғибадатханасында құнарлылық символы құдай-әйелі Асираттың мүсінін орнатады. Израильдіктер көпшілігі бұл Құдай-әйелді дәріптеп, тіпті, Яхвенің әйелі деп танып, қарсылық танытпаған.

Құдай тарапынан таңдалған Израилді басқа халықтардан қоршап тұрды. Себебі мәтін авторы Мұса сөзіне келесі талапты енгізді: Ант етілген жерге келіп, оның халқы жергілікті тұрғындармен қандай да болсын қатынасқа түспеуі қажет – «олармен одаққа отырма, оларды аяма». Аралас неке мен қарапайым тілдесу де рұқсат етілмеген. Алайда ең алымен израильдіктерге жер бетінен ханаан дінін жоқ қылу керек болатын». Көбінесе бұл ханандықтар мен олардың құдайларына тең заң береді, олармен қызметтесудің орнына бөтен дінді оның мүшелерімен бірге жойып жіберу дегенді білдірді. Бұл бағдарлама XIII ғасырда шөлде өліп жатқан Мұса үшін өзекті болмады. Алайда халықты Яхвеге сыйындыра алмаған пайғамбарлар үшін өзекті еді және монотеизммен байланысты тағы бір маңызды мәселе бар еді. Басында тайпа аралық соғыс Құдайы болған Яхве уақыт өте келе ханаандық Құдайлардың қызметтерінің бір бөлігін өзіне алады, атап кетсек ол құнарлық Құдайына, жаңбыр сыйлаушы Құдайға айналады. Алайда израилдіктер, айрықша әйелдер, сонымен қатар, құдай-әйелдер – Асират, Иштар мен Анатты дәріптеді. Монотеисттердің Құдайы жыныстардың бөлінісінен жоғары тұрса да, Яхве бірінші кезекте еркектік бастау болатын, оған Құдай-әйелдермен бәсекелесіп, олардың қызметін алу өте қиынға соғатын. «Алайда оның Құдай-әйелдермен бақталастығынан «Кіндік кезеңнің» бір жағымсыз қыры көрінді: әйелдердің қоғамдағы мәртебесі жаншылған еді. Алғашқы қауымдық құрылыста әйелдердің көп ретте еркектерден үстем тұрғандығы шүбәсіз. Көне діндердегі ұлы әйел құдайлардың беделі әйел затына деген құрметті айқын аңғартады. Бірақ қалалардың пайда болуы және дамуы жауынгерлік қарым мен білек күші сынды еркекке тән қасиеттердің маңызын арттырды. Әйелдер өркениетті әлемнің жаңа кезеңінде шетке қағылып, қоғамның төменгі санатына ығыстырылды. Әсіресе, олардың хәлі Грекияда өте мүшкіл болды; мұны Шығыстың патриархалды салтын күстаналауға бейім күллі Батыс жұртшылығы есте тұтуы тиіс. Грек демократиялық идеалдарының афиналық әйелдерге шарапаты тимеді; оларды қапаста ұстап, кембағал жандар есебінде сыртқа тепті. Израиль қоғамы да сол уақытта еркектердің артықшылығына басымырақ мән берді», – деп жазады К. Армстронг.

«Яхве құдайдың қайта тууы». Иудаизмде «Екінші Исаяя» мәтіндері кейінірек Шынайы Исаяяның мәтіндеріне қосылған еді. Міне, солай бұл пайғамбар Яхве жалғыз құдай және одан басқа құдай жоқ деп жария етеді. Құдай атынан ол айтады: «Менен бұрын Құдай болмаған, менен кейін де болмайды. Мен, Мен Тәңірмін және менен басқа құтқарушы жоқ». Бұл түбегейлі



өзгеріс еді. Ескі пайғамбарлар, тіпті, Мұсаның өзі басқа құдайлар жоқ деп мойындамаған, жәй ғана солардың ішіндегі Яхвеге ғана табынуға талап еткен. Енді белгісіз бір пайғамбар: Яхведен басқа құдай жоқ деп жария етеді және осы белгісіз пайғамбар кезегінде Израильдің емес, тіпті Құдайдың тарихын қайта жазады. Осы кезде Яхве хаос жеңімпазына айналады. Карен Армстронг: «Егер Яхвенің алғашқы қауымдық кезеңде бейберекетсіздік құбыжықтарын тізе бүктіру қолынан келген болса, қуғын көрген израилдықтарды құтқару оған түкке тұрмас еді», – дейді.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Амос пайғамбар иудаизмге қандай тақырыптар енгізді?
2. Үнділер мен иудейлердің діни тәжірибелеріндегі айырмашылық неде?
3. Қозғалмайтын және Қозғаушының айырмашылығы неде?
4. Иеремейдің пайғамбарлығын талдаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Пайғамбарлар деген кімдер?
2. «Нуминоздық» деген не?
3. Иеремей және басқа пайғамбарлар иудейлерді не туралы ескертеді?
4. «Екінші заң» деген не, оның негізгі ойы қандай?
5. «Құдай даңқы» деген не? Бұл түсініктің авторы кім?
6. Вавилон тұтқынында Яхвеге қатысты иудейлерде қандай жаңа ойлар пайда болды?

Қосымша ресурстар

1. Библия (кез келген басылымы).
2. Мирча Элиаде. История веры и религиозных идей. От каменного века до элевсинских мистерий. М., 2009.